

Ә Д Е Б И Е Т Т А Н У

ШЕТЕЛДЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ – ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

*Темірхан Тебегенов,
филология ғылымдарының
докторы, профессор*

Ұлттық әдебиетіміздің тарихында шетелдердегі қазақтардың әдеби-фольклорлық мұралары да елеулі орын алады. Шетелдердегі қазақтардың арасында сақталған қазақ әдебиетінің тарихына, фольклорына байланысты мұраларды жинау, жүйелеу - ұлттық филологиялық ғылымымыздағы кезегі келген келелі жұмыстардың бірі. Қытайдағы Шығыс Түркістан (Шыңжаң), Моңғолиядағы (Баян-Өлгей), Өзбекстан, Қарқалпақстан, Ресей мемлекеттеріндегі қазақтар - сол ежелгі ата-бабалық түркілік-алаштық ата жұртында отырғандар. Рас, Қазақстандағы әртүрлі қиыншылық жағдайлардың кезінде көшіп барғандар да ол мекендердегі қандастарымыздың қатарына қосылды. Бұл елдердегі қазақтар арасындағы әдеби-фольклорлық мұралардың негізгі ұлттық сипаттары біршама жақсы сақталған. Қазақтардың қалың шоғырланып отырғанының әсерінен басқа мемлекеттің құрамында болса да әдеби-фольклорлық мұралардың тұрмыстық-салттық әдет-ғұрыпқа байланысты үлгілері аз емес.

Ал, Ауғанстан, Түркия, Иран г.б. мемлекеттерді мекендеген қазақтар -1925-1932 жылдары Қазақстандағы жаппай қуғын-сүргіннің, мал-мүлікті тәркілеудің, аштық қырғынының салдарынан еріксіз ауып барғандар. Қазақ халқының шетелдерге босып ауып барған тағдыры туралы Халифа Алтайдың «Алтайдан ауған ел» [1], Хасан Оралтайдың "Елім-айлап өткен өмір" [2] атты кітаптары мол мәліметтер бере алады. Бұл елдердегі қазақтардың бастарынан өткен оқиғаларын енді ғана сол ағайындарымызбен араға жетпіс жыл салып барып қауышқаннан кейін біле бастадық. 1989 жылдың наурыз-маусым айларының аралығында Түркияның Ыстанбұл қаласында тұратын қазақтардың Қазақстанға келуіне жол ашылды. Әрине, дүниежүзі қазақтары Құрылтайының өтуі, қауымдастықтың, көші-қон мемлекеттік мекемесінің құрылуы планетамыздың әр түкпірінде жүрген бауырларымыздың туған

Отанымен тығыз байланысып, қаласа көшіп келуіне мол мүмкіндіктер жасады.

Түркиядағы қазақтардың басым бөлігі - осыдан 60-40 жыл бұрын Шығыс Түркістаннан, Алтайдан қоныс аударғандар. Ал, Ауғанстаннан қоныс аударғандары 1925-1932 жылдары Қазақстанның Қызылорда, Атырау облыстарының жерінен ауып барған қазақтар. Бұлар 70-жылдары Ауғанстанда басталған соғыс, бүліншілік салдарынан ығысып, Пәкістанға, Иранға, Түркияға өтеді. Әр елде бөлек-бөлек жүрсе де Ауғанстанда тұрған кездеріндегі қалыптасқан қауымшылдық, ағайыншылық тұтастығын жоғалтпайды. Біздің әнгімеміздің негізгі арқауы - Ауғанстан қазақтары [3]. 1925-1932 жылдары қазіргі Қызылорда облысының Қармақшы, Қазалы, Жалағаш аудандарына қарасты Кете, Шөмекей руларының көптеген ауылдары Ауғанстанға өтіп кеткен. Олардың ішінде Үмбетбай, Қартамыр Малай, Қарбазар Сейдалы, Тобжан, Құлыс, Қанибай, Махамбет, Қарсарғасқа Баймахан есімді белгілі ақсақалдар, ел ағалары болған. Қазақтардың арасынан оқу-ағарту жұмыстарын жүргізген білікті кісілер де шығады. Мысалы, араб-парсы тілдерінде оқытатын медреселерде шәкірттерге дәріс оқыған молла Жетібай, дамоллалар Ермұхамед, Шекерхан есімдерін халық құрметпен еске алады.

Оқымысты қазақтардың ішінде аймағына әйгілі болғаны - Жұмағали би. Ол - он екі жасынан би болған, білімді, оқымысты "Ала шапанды әулие" атанған кісі. Ауғанстанды мекендеген қазақтар көпке дейін туған жердің саз-әуендері мен сөз мұралары үлгілерін жоғалтпай сақтаған. Ақындар Тібән, Балғабай, жыршы-жыраулар Кәдір, Елемес, күйші Бісмайыл есімдерін сонда тұратын қазақтар құрметпен атайды. Олардың шығармашылық мұралары ел арасында әлі де айтылады. Қазіргі кезде Бістанбұл қаласында тұратын Әбдімәжит қажы Жүндібайұлы, Мұхамед Қаракөлұлы және Халелбек Тоққожаұлы (марқұм) деген кісілер Ауғанстан қазақтарының арасында кеңінен тараған фольклорлық мұра үлгілері, ақын-жыраулар туралы біраз деректерді айтты. Ауғанстан қазақтарының арасында ақын Тібәннің шығармалары сақталыпты. Себебі, Тібәннің өлеңдерін Мыңтай, Кәдір деген жыршы-термешілер жырлап, таратып отырған. Тібән ақын Тоққожаұлы - Кіші жүздің Кете руындағы Андагұл Құлыс аталығынан. 1910 жылы қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданындағы Тұрмағамбет ақын атындағы ауылда дүниеге келіпті. Бұл - қазақ әдебиетінің тарихындағы Шығыстың жазба әдебиеті дәстүрін меңгерген бір шоғыр шайырлар шоғырланған мекен. Сонымен қатар, бұл мекен - ежелгі түркілік замандардағы орындаушылық өнерпаздықтың әншілік-термешілік, жыраулық-жыршылық дәстүрлерін де жаңғырта сақтауымен ерекшеленетін аймақ. Осындай ортада өскен Тібән ақын ауылындағы молладан меңгерген ислам діні оқуымен бірге

Шығыс әдебиетіндегі киссалық-нәзіралық әдеби мұралармен де таныс болады. Кейіннен Ақмешіт қаласындағы медреседе де үш жылдай оқыпты. Қазір біздің қолымызда Тібәннің бір топ өлеңдері бар.

Халелбек Тоққожаұлы - осы Тібән ақынның інісі. Ақындығымен қоса қазақ халқының тарихына катысты шежірелерді, билердің, шешендердің өсиетті өнегелі жырларын жақсы біледі. Әсіресе, шетелдерге ауып кеткен ағайындар арасындағы ел ағаларының өнегелі сөздерін ұмытпай есінде сақтапты. Бұл кісінің де бір топ өлеңдерін жазып алғанбыз. Аталған ақындардың өлеңдеріндегі азаматтық толғаныстар туған жерді, атамекенді қастерлеу ұғымдарын перзенттік махаббат, парасат биігі тұрғысынан жырлауымен ерекшеленеді. Отанды, атамекенді аңсау Халелбек ақынның "Айрылдым жастай елімнен" өлеңінде тебіреністі, егілген көңіл-күйімен жырланады. Елінен еріксіз ажырағандардың аянышты тағдырларын айта отырып, артта қалған Қазақстан халқына мәңгілік амандық, бүтіндік, имандылық тілейді. Талай қиындықтарды басынан кешірген қазақ халқының бақытты болашағы үшін Құдайға жалбарынады:

Шығынға шығып зарладым,

Айырылған қаздай үйірден.

Жете алмадым еліме

Оқ тигендей белімнен [3].

Жат жерде жүріп байлыққа қолы жеткенмен, туған жердің түтінін жұта алмаған көңілдің мәңгілік жүдейтіні, ұсақ-түйек күйбең тірлікпен өткен фәни дүниенің жалғандығы айтылады:

Не болды бұл дүние,

Жиғанмен алтын табақтап.

Жалғаншы дүние опасыз,

Қалған жоқ ешкім қонақтап [3].

Тібән ақынның «Халқыма, қазақ баласы» өлеңі - қоштасу мазмұнындағы шығарма. Сегіз жыл бойы ажырамаған ауыр дерттің салдарынан бұл фәниден кететіні айқын болған ақын халқымен, ағайынымен қоштасады. Жаратушы жаппар жалғыз хакқа жалынған ақын тіршілікті сүйген көңілін, жүрек сырын білдіреді:

Демалыс бермей дерт жеңіп,

Жаздырмай отыр барымды.

Қысымға алып қинап дерт,

Дағдарып тауым шағылды...

...Азғана өмір ішінде.

Қылмадым жанға зәбірді.

Жатайын жайды жайлы қып.

Нұрландыр, Алла қабірді [3].

Тібән ақын "Қауымға жаным ашыды" өлеңінде қазақ жастарын оқуға, білім алуға, түбі бір түркі жұртының жастарын ауызбіршілікке шақырады:

Жер жүзінде өнердің,
Қазаны қайнап тасыды...
...Оқы, үйрен жаздырып.
Заманның ұлы, жас іні!
Бірлікке ұран шақырар,
Білімнің толық басымы.

Қазақ, өзбек, түрікмен
Түбін бір айтсам расыңды... [3].

Тағдырдың тәлкегіне ұшырап елден елге көшіп жүрген бауырларымыздың халықтық, елдік тұлғасын биіктету, өлгендерінің есімдерін еске түсіріп, өшіп бара жатқан мәдени казыналарын қайта жаңғырту, ағайындардың еңселерін көтеру - қасиетті борышымыз.

Дүние жүзіндегі әр қиырда, тым жырақта жүріп ұмытыла бастаған ұлттық сөз мұраларымыздың үлгілерін жинаудың, зерттеудің жаңаша басталуы қазақ ұлтының қайта тұтасу жолына беттеген тарихи сапарына бағалы үлес болып қосылмақ. Қазақ әдебиетінің тарихын толықтыра зерделеуде кенжелеу қолға алына бастаған өзекті мәселелердің бірі - шетелдердегі ақын-жазушылардың мұралары. Шығыс Түркістан (Қытай), Баян-Өлгий (Монголия), Омбы, Орынбор, Астрахань, Сарытау (Саратов), Таулы Алтай (Ресей), Бостандық, Кенімех, Науаи т.б. өңірлері (Өзбекстан), Мойнақ, Тақтакөпір (Қарақалпақстан) және т.б. бұрынғы Қазақ мемлекетінің ата-бабалық қоныстарындағы қазақтардың фольклоры мен әдебиетін құрайтын шығармаларды біртұтас ұлттық сөз өнерінің құрамында қарастыру - кезек күттірмейтін жұмыс.

Бұл орайда, шетелдердегі қазақ әдебиетін арнайы зерттеп жүрген сол өлкелерде туып-өскен санаулы ғалымдарымыздың қажырлы еңбектеріне сүйсінеміз. Мысалы, Қ.Қалиасқарұлы Монғолиядағы, З.Сейітжанұлы Шығыс Түркістандағы (Қытай), Қ.Сағтаров Озбекстандағы, Қ.Жұмажанов, М.Әбілов Қарақалпақстандағы, М.Шындалиева Омбыдағы қазақ әдебиеті мұраларын жинау, жариялау жұмыстарында біраз игілікті істерді атқарды. Бұл бағдардағы жұмысты кеңейте, өрістете жалғастыруда қазақтың қазіргі әдебиеттану ғылымының мүмкіндіктері мол.

Ақыт Үлімжіұлы (1868-1940) - қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік шығармашылық мұрасы бар көрнекті ақын. Ақынның шығармалары ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың әр түрлі кезеңдерінде жеке кітаптар болып та, ақын-жыраулардың жинақтарында да жарияланып келеді. Мысалы, «Жиһанша» (1891), «Хисан Жаһаншах Тамұз шах ұғлы» (1910), «Хисан-и Әбият Фақиядия» (1909), «Тәржіма-и Ақыт Уәләд Үлімжі» (жылы белгісіз), «Ақыт Үлімжіұлының өмірбаяны» кітаптары Қазан қаласындағы баспалардан жарияланыпты. Ақынның баласы Ақытұлы Ғазез осы деректерді айта келіп, әкесінің басқа шығармаларының халыққа таралуы туралы мәлімет береді: «... Мұнан басқа, «Мұхаммед Құнафия»,

«Самұрық құс», «Абақ Керей шежіресі», «Ер Жәнібек», «Смағұлдың қиссасы» сияқты дастандары, «Ғазіл баян», «Хажыбаян», «Ал, жарандар, тыңдай бер, Ақыттан аз нұсқаны» сияқты ұзақ толғаулары қолжазба түрінде тараған» [4,12].

Ақыттың әдеби мұрасындағы кейбір шығармалар ХХ ғасырдың аяғына таман Қазақстанда жарық көре бастады. Мысалы, ақынның бірнеше өлеңдері «Бозінген» (Алматы: Жазушы, 1971, 163-165-б.б), «Қазақ поэзиясының антологиясы» (ХХ ғасырдың бас кезі) (Алматы: Ғылым, 1992, 178-186-б.б.) жинақтарында жарияланды. Ақынның шығармашылығы хақында зерттеушілер Қ.Қалиасқарұлының («Халық ақындары» (Өлгий, 1972ж), З.Сейітжанұлының (Шыңжаң қазақ әдебиеті, Алматы, 1999ж.) еңбектерінде алғашқы ғылыми байыптаулар жасалды.

Әрине, Ақыт шығармаларының жариялануында, зерттелуінде Қ.Жанжұнұлының, А.Кірішбаевтың, Ш.Рахметұлының еңбектері де маңызды. Ақыттың ақындық мұрасының енді мәтіндік (текстологиялық) сұрыптаумен жинақталып, ғылыми айналымға лайықты академиялық нұсқада жариялануы да алдағы міндеттердің бірі. Ақыттың әдеби мұрасындағы басты ерекшелік-дидактикалық-ағартушылық сарынның басымдығы. Ақынның толғау-термелерінің, қисса-дастандарының идеялық- композициялық желісінде ислам дінінің ағартушылық мұратындағы қасиетті қағидалары бойынша насихат тілімен жырлау негізгі сипатты құрайды. Академик З.Ахметов; «Насихат өлеңнің таңдаулылары өнеге боларлық, тағылым аларлық, ғибраттылық, дидактикалық мәнімен, ойды көркемдеп, нақышты сөздермен жеткізетін бейнелілігі, тартымдылығымен құнды болған», - дейді [5,147]. Ақыттың насихат өлеңдерінен де осы бағдарды аңғарамыз.

Ислам дінінің қағидалары аясында жырланған дүниетаным көзқарастары өрісіндегі имандылық тағылымын танимыз. Ақынның «Имам мизам», «Бес намаз», «Бисмалла ғарып Ақыт жазар кеңес», «Қағазға тамар көз жасым», «Құрбылар», «Есептесер күн болар», «Ақытнәме» және т.б. толғау-термелерінде ислам дінінің имандылыққа уағыздайтын сарындары ақындық тіл өрнектерімен жырланады.

Ислам дінінің имандылық уағызын арқау еткен аталған толғау-термелердің композициялық құрылымындағы ортақ ерекшеліктердің бірі - шығарманың Аллаға, пайғамбарға, сахабаларға деген мүнәжатпен басталатыны. Бұл - Қожа Ахмет Иасауидың, Ахмет Иүгінекидің, Жүсіп Баласағұнның және т.б. исламдық суфизм ақындарының поэзиясында қалыптасқан дәстүрдің жалғасы. Мысалы, «Ақытнәме» толғау-термесі былайша басталады:

«Бисмилла!» деп бастайын,
Алхамдулла, Құдайым!
Салауат салып Расулға,

Мұхаммед Нәби, иә Расул,
Шафағат сонан сұрайын!
Құрметі ғазиз шаһиярлар,
Отыз үш мың сахаба,
Оларға сәлем қылайын!
Әнбиә мен әулие,
Ғазизларның, Құдая,
Жасаған ие, бір Алла,
Құрметі деп жылайын!
Ақыретте қор қылма.
Бұ дүниенің жүзінде,
Бере көрме уайым!. [4, 130].

Ақыт ақынның толғау-термелерінде исламның ең басты қағидасы Бес Парызды (біріншісі - иман; екіншісі - намаз; үшіншісі - ораза; төртіншісі - зекет; бесіншісі - кажылық) орындауды тұрақты түрде жырлайды. «Ақытнәме» толғау-термесінде мұсылмандықтың аталған Бес Парызын орындаудың бақиға барғандағы нәтижелері фәниден өткесін Жұмақ (Ұжымақ) пен Тозақ арқылы бағаланатын шындығын дәлелдейді:

... Жаратты Тәңір пендесін,
Мәңгілік емес жалған ғып.
Өсиет қылдым бұрын да.
Сабақтан оқып білгенді.

... Бірдей бол, дін ме ғылымға,
"Сөгеді - демей - кім мені!"
Боларсың сонда күнакар
Артық көрсен білгенді [4,33].

Ақыттың «Бес намаз» атты өлеңі нағыз мұсылманға тән сергектікті, ықыласты көңілдің тазалығын анықтауға арналған. Ақыт таңертеңгі бесіндегі, екінтідегі, ақшамдағы, іңірдегі - барлығы бес рет оқылатын әрбір намаздың көңіл тазалығын айқындайтын, Аллаға деген сенімді нығайтатын құдіретін дәлелдеп, дәйектей жырлайды.

Әрбір пенденің өткінші өмірде тек қана шынайылықпен, адалдықпен өмір сүруі керектігі тіршілік шындығына сәйкес жырланады. Фәнидің жалғандығын ұмытпай жүру арқылы өткінші ғұмырды мағыналы өткізуге болатын бағдар ұсынылады:

Жігіттер, иман - кымбат, күнә - тегін,
Кигізер өлген күнде жеңсіз кебін.
Жатамыз қара жерге жалғыз түсіп,
Құлына Құдай өзі берсін жөнін [4,50].

Ақыттың «Есептесер күн болар» толғау - термесі бүкіл насихаттық ойларының жинақтала жүйеленген үлгісі ретінде байқалады. Толғау - терменің идеялық-композициялық құрылымы бірнеше бөліктерден

тұрады: біріншісі - фәни жалған дүниенің өткіншілігін тарих жолының шындық деректері арқылы дәлелдесі жырлауы; екіншісі - билерге, байларға, кедейлерге, жастарға, аға буынға, кәрілерге және әйелдерге арнайы айтылған имандылық насихат уағыздары.

Фәнидің өткіншілігін тарихтағы шындық деректері арқылы дәйектеуде ақын адамзаттың туғаннан өлгенге дейінгі аралықтағы оқиғалардан тағылым алуға шақырады. Фәни жалғандағы адамдардан ешкім де мәңгілікке қалмайтыны дәйектеледі. Патшалардың патшасы Сүлейменнің де, төрелердің төресі Ескендірдің де, күштілердің күштісі Ғали Арыстан Қаһарманның (Әзірет Әлі) да, көп жасаушы Лұқпанның да, малынан жер қайысқан Қарынбайдың да, шешендердің жүйріктері Тәсли Кәрімнің, Дәуіт Нәбидің, жердегі тіршілік иелерін сақтаушы Нұқ пайғамбардың да -бәрінің де фәниде мәңгі тұрақтай алмағандықтары баяндалады.

Ақын адамзаттың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын ұлы заңдылығы фәни мен бақи дүниелердің ауысуын тарихи таным тілімен жырлайды. Лирикалық қаһарман ақын фәнидегі келер ұрпақтарға мұраға қалатын ізгі дәстүрлерді санамалап атайды:

Мен ойласам, ағалар,
Бұл дүниеде кім қалар?
Насихат қылған тіл қалар.
Мергендерден жақ қалар,
Патшалардан тақ қалар
Ғалымдардан хат қалар,
Ұсталардан зат қалар.
Аруақты туған ерлерден,
Азғана күн, ай қалар,
Ер басына іс түссе,
Дүние бәрі жоқ болар,
Қатын қалса бай табар,
Бала қалса мал табар
Малың қалса жер табар,
Жерің қалса ел табар.
Жөн өлмекке келгенде
Ғаріп басың не табар? [4,125].

Толғау-терменің билерге арналған бөлімінде әділдік жолындағы адалдықты сақтауда паракорлықтан аулақ болуға шақырады. Ал, байлардан дәулетке мас болмай, малдан зекет беруді, оразаны, намазды, қажыға баруды орындауды сұрайды. Кедейлердің де барға қанағат етуді, дәулетгі жандарға кішілікпен қызмет жасап көруді ойлауын айтады.

Ақын халықтың болашағы жастардың тәлім-тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Толғау-термеде жастарға Құдайға құлшылық етуден

ешқашан жаңылмауды, кішіпейілділікпен кәрілерді мәңгі сыйлауды өсиет етеді. Алдыңғы толқын ағалардың да, қариялардың да Аллаға мүнәжатынан жаңылмауын, фәнидегі қараулықтан ада болуын тілейді. Толғау-терменің соңғы жағында ақын «Насихатым тыңда, жеңгелер!» деп бастап, әйел жынысына арналған тілегін жырлайды:

Ұрғашы туған пенделер,
Бұл өсиет кеңесім,
Бәріңе мақұл өң берер,
Жеңеше болған қатындар.
Бәйбіше болған мақұлдар...
... Күн шығарып тұрмаңыз,
Ер әмірін бұрмаңыз.
Өтірік, өсек қуманыз,
Шалқар түсте тұрмаңыз,
Біреу өсек сөз айтса,
Оған мойын бұрмаңыз.
Күйеуіңе жағыңыз,
Өлгенше сыйлап бағыңыз.
Үлкендерден бата алып,
Әдепті келін атанып,
Көп сауапты табыңыз,
... Күндесіңмен ұрыспа,
Абысынмен жұлыспа [4,132].

Әйелдердің жеңілтек болмауын, үнемі денелерін таза ұстауын, мұсылмандық парызды орындауға да мұқият болуын түсіндіреді. Ақыттың халықтық тәлім-тәрбие ұлағатын уағыздаған осындай толғау-термелері қазақтың дәстүрлі ұлттық мәдениетінің мағыналы мазмұнын толық дәлелдей алады.

Ақыттың ағартушылық көзқарастарының біразы оқу, білім алу мұратына арналған насихат өлеңдер болып келеді. «Білім, мәдениет туралы», «Еңбек, өнер туралы», «Насихатым бәріңе», «Ғылым-сәуле, нұр жарық» және т.б. өлеңдерінде Ақыт ақын қазақ халқының әлемдегі өркениет өркендерінен қалыс қалмауын ойлап толғанады. «Білім, мәдениет туралы» атты шағын шумақтардан құралған топтамада ақын бірнеше мәселелерді қамти жырлайды. Ақын қазақ жастарының әлемдегі дамыған елдер дәстүріне сай жан-жақты терең білім алуына, білім, өнер игеруіне надандық, жалқаулық қасиеттердің кедергі жасайтынына күйзеледі. «Насихатым бәріңе!» өлеңінде халықтың ілгері басып өркендеуі жолындағы адамдардың жақсылық пен жамандық қасиеттерін айыра білу керектігі насихатталады. Адамдардың, қоныстардың азып-тозуының әлеуметтік тұрмыстық себептері түсіндіріледі.

ешқашан жаңылмауды, кішіпейілділікпен кәрілерді мәңгі сыйлауды өсиет етеді. Алдыңғы толқын ағалардың да, қариялардың да Аллаға мүнәжатынан жаңылмауын, фәнидегі қараулықтан ада болуын тілейді. Толғау-терменің соңғы жағында ақын «Насихатым тыңда, жеңгелер!» деп бастап, әйел жынысына арналған тілегін жырлайды:

Ұрғашы туған пенделер,
Бұл өсиет кеңесім,
Бәріне мақұл өң берер,
Жеңеше болған қатындар.
Бәйбіше болған мақұлдар...
... Күн шығарып тұрмаңыз,
Ер әмірін бұрмаңыз.
Өтірік, өсек қумаңыз,
Шалқар түсте тұрмаңыз,
Біреу өсек сөз айтса,
Оған мойын бұрмаңыз.
Күйеуіңе жағыңыз,
Өлгенше сыйлап бағыңыз.
Үлкендерден бата алып,
Әдепті келін атанып,
Көп сауапты табыңыз,
... Күндесіңмен ұрыспа,
Абысынмен жұлыспа [4,132].

Әйелдердің жеңілтек болмауын, үнемі денелерін таза ұстауын, мұсылмандық парызды орындауға да мұқият болуын түсіндіреді. Ақыттың халықтық тәлім-тәрбие ұлагатын уағыздаған осындай толғау-термелері қазақтың дәстүрлі ұлттық мәдениетінің мағыналы мазмұнын толық дәлелдей алады.

Ақыттың ағартушылық көзқарастарының біразы оқу, білім алу мұратына арналған насихат өлеңдер болып келеді. «Білім, мәдениет туралы», «Еңбек, өнер туралы», «Насихатым бәріне», «Ғылым-сәуле, нұр жарық» және т.б. өлеңдерінде Ақыт ақын қазақ халқының әлемдегі өркениет өркендерінен қалыс қалмауын ойлап толғанады. «Білім, мәдениет туралы» атты шағын шумақтардан құралған топтамада ақын бірнеше мәселелерді қамти жырлайды. Ақын қазақ жастарының әлемдегі дамыған елдер дәстүріне сай жан-жақты терең білім алуына, білім, өнер игеруіне надандық, жалқаулық қасиеттердің кедергі жасайтынын күйзеледі. «Насихатым бәріне!» өлеңінде халықтың ілгері басып өркендеуі жолындағы адамдардың жақсылық пен жамандық қасиеттерін айыра білу керектігі насихатталады. Адамдардың қоныстардың азық-тозуының әлеуметтік тұрмыстық себептері түсіндіріледі.

Елдің көркеуі азаматтардың біліктілік деңгейіне байланысты екендігі насихат тілімен өрнектеледі:

Мына отырған жігіттер,
Ақылы терең биіктер.
Еліне пана қорған сол,
Алаштан озған жүйріктер [4,43].

Ақынның насихат өлеңінің мазмұнында тектілік, тексіздік, жақсы және жаман, жігіт пен әйел, сараң бай, жеңілтек қыз және т.б. адамдардың қасиеттері салыстырыла сараланады. Кейбір адамдардың сыртқы көрінісіне ішкі жан сарайының сәйкес еместігі сыншылдықпен бейнеленеді:

... Кейбіреудің аты бар,
Алтайдың заңғар басындай.
Қасына жақын жанасса,
Шөпсіз жердің тасындай.
Кеудесі жаман кекиер,
Жақсыға жүрмей жақындай
Өзінен болған өкініш,
Теріс те болса мақұлдай

Ақынның ағартушылық көзқарастары аясында нәпсіні тиып ұстау, өтірікшіліктен аулақ болу, кедейшілікке ұшырамауға тырысу, байлыққа ие болуды мұрат ету, еңбек арқылы тұрмыс молшылығына жету, дүниеқорлықтан аулақ болу және т.б. адамгершілік сапаларын игеру насихатталады. Барлық жастағы адамдарға арналған тәлім-тәрбиелік насихатын ақын ғылым игеру мен халықтық тәлім-тәрбиенің егізделген мұраттары туралы ойларымен түйіндейді:

...Ғылым ізде ерінбе,
Жігіт болсаң ақылды.
Тәрбиелеп таза өсір,
Бала менен қатынды.
Тентекке жақ боп болыспай,
Көтере жүр мақұлды.
Ғылым сөзін көп тыңда,
Көрсен жақсы ақынды.
Қайырың болса қыла жүр,
Бірдей көр алыс жақынды [4,47].

Ақыттың «Ғылым - сәуле, нұр жарық» өлеңінде де қазақ халқының

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі өркениеттен қалыс қалмауын ойлаған ағартушылық көзқарастар байқалады. Ақынның осы өлеңдегі демократиялық-ағартушылық ойлары Абайдың, Ыбырайдың,

Шоқанның, Ахметтің, Шәкәрімнің, Мағжанның, Сұлтанмахмұттың, Міржақыптың, Сәкеннің, Мұхтар Әуезовтің ұлттың оянуын, дамуын ойлаған алаңжар көңілдегі күйзеліске, сыншылдыққа толы ойларымен толық үндеседі, Өркениеттің биік белестеріне жету үшін кең даласында жайбарақат қалпынан арылуға, сергек те, серпінді калыпқа, рухани оянуға шақырады:

Ғылым - сәуле, нұр, жарық,
Оқымай болмас құр калып.
Термелі ғылым оқысаң,
Жүрегіне тоқысаң.
Көрерсін сәуле бір жарық.
«Ата заңым» деп қазақ,
Өр талаптан құр калып,
Ай мен Күнді ұға алмай,
Алысқа ұзап шыға алмай,
Неге мәз боп жүр халық?
Мал семірсе жаз болып,
Ішкен асқа мәз болып,
Отырамыз ырғалып.
Талапсыздан кем болған,
Ит пен құсқа жем болған.
Намыссыз қалған біз халық!
... Бала боп өсті талай шал,
Кел, балалар, қылмалық.
Бір Құдайға сыйынсаң.
Кітаптан мойын бүрмалық!
Есінде Құдай бар болса,
Күн шығарып тұрмалық! [4,90].

Ақыттың ақындық мұрасын зерттеушілердің бірі, профессор 3.Сейітжанұлы былай дейді: «XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап калыптаса бастаған Шыңжан қазақ әдебиеті демократтық-ағартушылық бағытта дамыған. Осы аймақтағы жазба әдебиеттің негізін қалаған Ақын Үлімжіұлы шығармаларынан басталған отаршылдыққа қарсылық сарыны XX ғасырдың, алғашқы жарымындағы ақындардың өлеңдерінде жалғастық тапқан» [6,77]. Демек, Ақыттың ақындығы біртұтас қазақ әдебиетінің тарихындағы романтизм, сыншыл реализм көркемдік дәстүрлеріндегі көрнекті ақындарымызбен қатар тұра алады.

Қорыта келгенде, Ақыт Үлімжіұлының ақындығының басты сипаты қазақ халқының рухани жетілуін, өсіп-өркендеуін тілеген ағартушылық болып саналады. Ақынның шығармашылық мұрасындағы лирикалық дидактикалық- философиялық өлеңдерде де, қисса- дастандарында да ұлттық әдебиетіміздің классикалық дәстүрлерін кұрайтын көркемдік

ерекшеліктерді танимыз. Демек, Ақыттың ақындығын толыққанды калпында ұлттық әдебиет тарихының құрамындағы лайықты орнымен бағалау, зерттеу - қазақ әдебиеттану ғылымы өзекті мәселелерінің бірі.

Әдеби мұрасы ұлттық әдебиеттану ғылымының айналымына енді түсе бастаған көрнекті ақындардың бірі - Көдек Маралбайұлы (1888-1937). Ақын шығармаларының жинақтары Шығыс Түркістанда бірнеше рет (1984, 1988, 2006 ж.ж.) жарияланған.

Біраз өлеңдері Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Орталық Ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорында сақталған. Тоғыз өлеңі «Қазақ поэзиясының антологиясы» (XX ғасырдың бас кезі 1992) жинағында жарық көрді. Республикалық баспасөз беттерінде де (Д.Желдікбаев және т.б.) мақалалар жарияланып жүр.

Көдек ақын туралы ең тұңғыш ғылыми пікір айтушы - суреткер жазушы, ғалым Мұхтар Омарханұлы Әуезов. Мұхтар Әуезовтің «Қазақтың халықтық шығармашылығы және оның ақындық ортасы» (орыс тілінде) атты зерттеуінде (1927) дара ақындардың шығармашылық өнеріне тән әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерге алғаш рет ғылыми саралау жасалған еді. Ол дара ақындардың екі типін атайды. Біріншісін «ақын-ремесленник» («поэт-ремесленник») деп атайды, оның шығармашылық өнері құрамында халық сұранысына орай барлық тақырыптардың да қамтылатынын, өз талантын белгілеген бағаға сататынын, ақындық өнерін күнкөріс кәсібі стетінін бағалайды. Бұндай типтегі шығармашылық тұлғалардың тек қана кез келген әлеуметтік ортаның сұранысымен ғана өлеңдер тудыратынына, бірақ өнерін халықтың жақсы қабылдайтынына да ғылыми баға беріледі: «Оны шала ақындығы үшін ақсақалдар айыптайды, дегенмен бұған қарамастан, өзінің мол репертуарында халық поэзиясының барлық түрлерінің болуына байланысты ол жастардың ортасында нағыз қажет адам боп саналады. Ол байырғы батырлар жырларының жыршысы, бұрынғы хандар, билер туралы сирек кездесетін жоқтауларды орындаушы, жастардың айырықша құмартатын даланың атақты суырып салма ақындары айтыстарын сақтаушы бола алады» [7,82].

Мұхтар Әуезов Жетісу өлкесіндегі қазақтың дара ақындары типінің мазмұны мен қоғамдық құрметіне байланысты ерекшеленетін бір түріне айырықша мән бере баға береді: «Ақын Көдек айқын мысалы болатын даланың дара ақындары өзге типінің мазмұны мен қоғамдық ролі анағұрлым қызықты. Ол - ауылдағы қазіргі құрылысқа белсене қатысушы, қосшы одағының мүшесі, газет, журналдардың беттерінен айқын идеологиялық және бірсыпыра дәрежеде көркемдік тәрбие алатын тұрақты оқырман, өзінің берік тиянағын сезінуші нағыз қазіргі заманғы қоғамшыл ақын» [7,83].

Мұхтар Әуезов Көдек типіндегі дара ақындық өнер иелерінің нағыз көркем әдебиеттің авторларына тән ерекшеліктерін саралайды. Зерттеуші ақындық поэзияның мұндай өкілдерінің баспасөз беттерінде әбден танымал болған ақындарға қарағанда мәдени дәрежесі кемшіндеу екенін бірақ жергілікті қоғамдық өмірдің тынысына даланың психикасына өткізетін жетіктігін атайды. Мұндай ерекше типтегі ақындардың қазіргі ауылды шығармашылық фантазиясында арқау етіп, туған даласына көлеңке түсіретін ескінің сарқыншақтарың өткір сынайтынына баға береді.

Шығармаларындағы шынайы, айқын сатиралық әуендерге бөленген тақырыптардың өзектілігі ондай ақындарды далада кеңінен танымал ететіндігін, олардың шығармаларын ауылдардағы барлық түрдегі басқосуларда сүйсініп тыңдайтынын атап көрсетеді.

Көдек және сол типтес ақындық поэзия өкілдерінің әдеби шығармашылығындағы поэтикалық ерекшеліктер хақындағы Мұхтар Әуезовтің ғылыми анықтамалары аса құндылығымен ерекшеленеді. Зерттеушінің Көдек сынды ақындар типіне тән поэтикалық-көркемдік сипаттарға жасаған анықтамаларынан жалпы дара ақындық поэзияға ортақ шығармашылық ерекшелік табиғатын аңғарамыз: «Өзіндік ішкі құндылығы бойынша оның өлеңі кемеліне келген жоғары деңгейдегі мүлтіксіз. Стистикалық тұрғыда ол батырлық-қаһармандық эпостың ақтарылған әуенді және ойнақы мәнерін өзіне мұра еткен. Орасан зор халықтық тың жерден мәдениетті қалаға талпынған жаңа жастардың үдей түсетін және аңсаған тізбегі еретін халық әдебиетінің таңдаушысы. Сонымен қатар, бұл ақын өзінің жадында ежелгі заманның көптеген құнды ескерткіштерін сақтаушы» [7,83-84]. Ұлы суреткер жазушы-ғалым Мұхтар Әуезовтің сонау 1927 жылы жазған бұл еңбегінде айрықша назарына алынған Көдек ақынның мұрасы – ұлттық әдебиетіміздің лайықтық рухани қазынасы.

Көдектің туған жері - қазіргі Алматы облысының Нарынқол ауданыныңдағы Шалкөде деген мекен. Зерттеуші Дәулет Желдікбаевтың дерегі бойынша: «Әкесі Байшыған да, атасы Маралбай да Албан ішіндегі Сүйіндік тұқымдарындай көзінің сүйкемесі бар, қуақы тілді, қай жерде сөз сайысы, жыр жарысы, айтыс өтсе, сол жерден табылатын той думаншыл, өлеңге, қалжың-қағытпаға жүйрік кісілер болыпты» [8,75].

1984 жылы Шыңжаңда жарық көрген ақынның таңдамалы шығармалар жинағының алғы сөзіне мынадай анықтама – дерек берілген: «Көдек туылғанда атасы Маралбай тірі екен. Немерелерінің алды болғандықтан қазақ салты бойынша сол Маралбай Көдекті бауырына салып алады. Көдектің Байшығанұлы аталмай Маралбайұлы аталуындағы себебі осыдан» [9,2].

Жазылған деректерді жинақтап айтқанда, Көдек 1916 жылғы ұлттық-азаттық көтерілісінен кейін Шығыс Түркістанға өтеді, бірақ көп

ұзамай қайта оралады. Ал, 1930 жылы халықты зорлап ұжымдастыру кезінде Шыңжаң өлкесіне қарасты Мұңғұлкүре ауданындағы Ақдала деген жерді мекендейді. Ол 1937 жылы Шыңжаңдағы Текес пен Мұңғұлкүренің жанындағы Мыс деген мекенде қайтыс болған.

Көдектің ақындық шығармашылық жолы бірнеше кезеңнен тұрады: біріншісі - 1901-1916 жылдар; екіншісі 1917-1930 жылдар; үшіншісі -1931-1937 жылдар.

Көдек шығармашылығына негіз болған қазақ әдебиеті тарихындағы ақындық мектептердің елеулі өлкесі - Жетісу. Жетісу аймағындағы Сүйінбай, Бақтыбай, Майкөт, Қаңтарбай, Асан, Құлмамбет, Жамбыл және т.б. ақындық өнер жүйріктерінің дәстүрі Көдектің де өзіндік шығармашылық тұлғасының қалыптасуына әсер еткені анық. Көдектің 1984 жылы Шыңжаң жастар баспасынан жарық көрген «Таңдамалы шығармалары» жинағының алғы сөзінде оның қалыптасу жолына тарихи әдеби баға берілген: «13 жасынан бастап осы өлең жарысы өнер сайысы болған айтысқа араласа бастаған Көдектің ақындық даңқы тез жайылады... Талапты жас Көдек өсе келе ауызша да, жазбаша да өлең шығаратын төкпе ақынға айналады» [9,7] Демек, Көдектің шығармашылығы фольклор мен дәстүрлі ақындық поэзиядан нәр ала қалыптасқан.

Ақынның 1901-1916 жылдар арасындағы өлеңдерінде қазақ ауылындағы ұлттық тұрмыс суреттері бейнеленеді. «Бір қызға», «Бір балаға», «Құртқа-Маман», «Бір болысқа», «Бір ауылда» және тағы басқа өлеңдері мен «Қайынға барғанда» дастаны - осы кезеңдегі туындылары.

Аталған шығармаларда қазақ ауылдарына тән этностық-этнографиялық дәстүрлер (қыз бен жігіт қатынастары, рулық-туыстық байланыстар, қонақ пен ауыл иелері, қызға құда түсу, қалыңдыққа ұрын бару және т.б.) жырланады. Ақынның сыншыл тілінің арқауында адамгершілік тәрбиесіне байланысты ойлар өрнектеледі.

Көдектің 1917-1930 жылдар арасындағы шығармалары да ақынның қазақ ауылдарындағы саяси-әлеуметтік оқиғалардың ортасында жүрген жағдайын танытады. «Қалайы қасық», «Хат жазған ақ қағазға қаламұшым», «Мұғалімдерге», «Бұл Совет қаз-қаз басып бірге келді», «Он жастан он біріне аяқ салған», «Ауданда отыз сегіз мұғалім бар», «Осыдан бері қарай төменде елі», «Бұл қағаз бізден тисін мұғалімге» және т.б. өлеңдері бар. Бұл кезеңдегі өлеңдерінде ақын заманының талаптарына орай халықтың өсуін, өркендеуін жырлайды. Қазақ халқының білім алуының озық мәдениетке жеткізетін ықпалына үнемі баға береді. Мысалы, «Мұғалімдерге» деген өлеңінде ұстаздың және ізденгіш шәкірттердің білім алу жолындағы ұлағатты жолын сүйсіне толғайды:

«Хат жаз!» деп қағаз берген молда маған,

Оқудан білім-дұға қылған адам...

Азамат өзі болған толып жатыр,

Білімнен оқу іздеп журнал алған...
Болған да біреу олай, біреу былай,
Бәйгеден келер озып қорғанбаған.
«Артқыны ілгеріге жеткізер!» деп,
Оқымыш үмітім бар бозбаладан [10,314].

Көдек ақындығының үшінші кезеңінің (1931-1937ж.ж.) Шығыс Түркістан (Шынжаң) жерінде өткені мәлім. Бұл кезеңдегі шығармаларының тақырыптық-идеялық мазмұнында қазақ ұлтының заманның ауыр қыспағындағы тағдыры поэтикалық астарлау, бейнелеу тілімен өрнектелді. «Тышқан», «Бұл заман», «Кең Текес», «Аттауы шөбің шүйгін, суың нашар», «Кең Текес, шөбің шүйгін суыңменен», «Заманың бұ дуытыңның көріп едік», «Шың дубан Үрімжіде тұрғанында», «Удаспайға», «Апырым-ай Күнесбайдың орынын-ай», «Жүреді жақсы кісі ізетпенен», «Көңілі тұнық кісі әбден байқар», «Мазакқа» («Атыңнан айналайын, Үйсін-Найман!»), «Тынбайға», «Сасан ауылына барғанда», «Жауап хат» («Амап ба, ағайындар, мал-басың-ай!»), «Таралып өсіп-өнген Албан, Қызай» және т.б. Ақын Шығыс Түркістандағы қазақ ортасы тұрмыстық хал-ахуалының тарихи шындыққа сай қалпын реалистікпен бейнелейді. Профессор З.Сейітжанұлы «Шынжаң қазақ әдебиеті» атты монографиясында ақынның әлеуметтік орта шындығын жырлаудағы реалистік-сыншылдық көзқарастарына баға береді: «Көдек ақынның бір қыры - сын-сықаққа бейімділігінде». Ол сын семсерін қулардың сұм-сілтейді...Ел билеушілердің зобалаң-зорлығы мен жоқ-жітіктердің ауыр тұрмысы салыстырмалы суреттеледі» [6,47].

Ақын қазақ ауылдарының Ресей мен Қытайдың қыспағынан, зобалаңдарынан бұрынғы берекесі, ынтымағы өркендеген кездерін романтикалық сағынышты әуендермен бейнелейді. Мысалы, «Бұл заман» атты өлеңінен осындай суреттеулерді көреміз:

... Дүние бір адамға ұстатпайды,
Жараған бәйге атындай таң асып-ай!
Таралып өсіп-өнген қайран елім,
Бұғының мүйізінің саласындай.
Ұйқылы, соны түбек бар-ақ еді,
Екпенің жеміс піскен ағашындай...
...Біздің ел шекараға жақын болып,
Боктердің қонатұғын сағасына-ай!
Жайлаудың шөп жетілген уағында,
Көшетін «Есек арт» пен әрі асып-ай!
Шыжандай екі жағы ел болатын,
Карасаң Шалкөденің даласына-ай!
Кіші іні, үлкен аға қалжыңдасып,

Қыдырып қымыз ішкен жарасып-ай!

... Таралып өсіп-өнген, қайран елім,

Біріңнен бірің кеттің адасып-ай! [9,50].

Ақынның «Кең Текес» ат ты өлеңінде Шығыс Түркістандағы қоғамдық саяси-әлеуметтік оқиғалардың реалистік сипаты аңғарылады. Әлеуметтік теңсіздікке (қанау, алдау), одан кейінгі басқару - әкімшілік жүйесінің сыры беймәлім сипатына баға беріледі:

... «Түлкінің алпыс екі айласы бар»,

Бұл сөзді жан ұқпайды үнілмеген

... Қазірше болғанымен жайдары, ашық,

Құпия аржағында білінбеген,

Болмасын ертеңгі күн кім біледі,

Бұрадай қаңтардағы жынын жеген?! [57]

Ақынның лирикалық өлеңдерінің арасында жоқтау өлеңдер («Дауыстар») де бар. Фольклор мен дәстүрлі ақындық поэзияда тұрақты жырланып келе жатқан мұндай лирикалық өлеңдері арқылы Көдек ақындығының халықтық сипаты айқындала түседі. «Бір жалқы жігітке шығарылған дауыс», «Бір қыздың дауысы», «Сәрсенбайдың дауысы» және т.б. жоқтау өлеңдерде қайтыс болған адамдардың фәни жалған дүниедегі ізгілігі, ұрпақтарға өнегелі істері дәстүрлі мадақ жырларымен үндес сипатпен жырланады. Ақын әрбір жоқтаушы тұлғаның психологиялық күйзелістерін, тебіреністерін, күйініштерін ащы, өкініш кернеген мұңлы-шерлі қалпымен шынайы, әсерлі бейнелейді.

Көдек ақынның шығармаларында мұсылмандық-имандылық негіздері берік сақталған. Ақынның өлеңдерінде Аллаға мүнәжат, Құран кітабы шындығына мойынсыну, пайғамбарға құрмет байқалады. Ақынның өлеңдері дәстүрлі ұлттық поэзияның өлшем-өрімдері бойынша жырланған. Тілдік көріктеу - бейнелеу қолданыстары да ақынның халықтың сөздік қорындағы үлгілерді жетік білетіндігін аңғартады.

Қорыта келгенде айтарым, шетелдердегі қазақ әдебиеті ұлт мәдениеті тарихындағы елеулі әдеби мұралардың қатарына қосылады. Қазақтың қазіргі және болашақтағы ұрпақтары сол шығармалардан да тарихи шындық аясындағы көркемдік әсер алады. Бұл - ұлттық әдебиетіміздің мәңгі жалғасатын өміршен үрдісі.

Әдебиетгер:

1. Алтай Халифа. Алтайдан ауған ел. -Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. -272 б
2. Оралтай Хасан. Елім-айлап өткен өмір –Алматы: Білім, 2005 -632 б
3. Тебегенов Т.С. Түркиядағы Сыр бойының қазақтары (Сапарнама очерк // Ленин жолы, № 21, 31 қаңтар, 1991 жыл, № 22, 7ақпан, 1991 жыл.
4. Үлімжіұлы Ақыт. Фахлия: Жыр, толғау, қисса-дастандар. –Баян-Өлгий: Аймақ баспагер компаниясы,1994. -328 б.

5. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі /Құраст. З.Ахметов, Т.Шаңбаев.- Алматы: Ана тілі, 1996. -240 б.
6. Сейітжанұлы З. Шыңжаң қазақ әдебиеті. Алматы: Қазақ университеті, 1999.-185 б.
7. Әуезов М.О. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. –Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы. 2001. 6-т. -368 б
8. Тебегенов Т.С. Көдек ақын // Қазақ тілі мен әдебиеті. -2003.-№ 5. -Б 73-79.
9. Маралбайұлы Көдек. Таңдамалы шығармалары / Құрастырған және редакциясын қараған Тәліпбай Қабаев. -ҚХР: Шыңжаң жастар баспасы.- 1984.-142 б.
10. Қазақ поэзиясының антологиясы (XX ғасырдың бас кезі) –Алматы: Ғылым, 1992.- 488 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются идейно-тематические и жанровые особенностей поэтических наследии казахских акынов-жырау (XX в) живущих зарубежных странах Турции, Афганистан, Монголии, Китая.

Özet.

Bu makalede yurtdışında; Türkiye, Afganistan, Mogolistan ve Çin’de yaşayan Kazak şair ve ozanların eserlerindeki konu, şiir ve tür özelliklerinin imgelemesi ele alınmaktadır.

Resume

This article deals with the ideological thematical and peculiarities of genre in poetical heritage of Kazakh poets lived abroad such as Turkey, Afganistan, Mongol, China.

Отанға, ұлтқа, қызмет ету мәнсапты яки бай адамдарға гана міндетті емес. Ниеті, ықыласы дұрыс болса, жәй орташа адамдар да Отанға қызмет ете алады. Әр кісінің өзіне тиісті борышы бар. Әркім шамасы жеткенше қолынан келген істі атқарса болады. Жәй адамдар өз міндеттерін адал атқарса, ол күрделі, ұлы істердің бітуіне үлкен септігін тигізген болар еді.

Ғұмар Қараш